



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 6 (805) 8 ақпан 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan_zhuldizi

https://vk.com/Magzhan_zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы жиында бытыр ақарылған жұмыстар қорытындыланып, алдағы кезеңнің басты міндеттері айқындалатынын атап өтті.

– Жалпы, өткен жылы экономикамыз 5,1 пайызға өсті. Ең бастысы, еліміздің даму қарқыны бәсеңдеген жоқ. Бірақ қазір жайбарақат отыруға болмайды, себебі алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Үкіметтің жұмысына жаңа серпін беру қажет. Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізіміз керек. Яғни, нақты жеңіс бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Сондай-ақ макроэкономикалық көрсеткіштермен қатар халықтың нақты табысы да қарқынды түрде артуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы даму қажет. Сондықтан әрбір қадамды жан-жақты, мұқият ойластырып, батыл әрекет ету керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Үкімет пен өкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болғаны жөн. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі экономикалық ахуалға қатысты бірқатар нақты міндетке тоқталды.

– Бюджет және салық саясатының тиімділігін барынша арттыру қажет. Соңғы бес жыл ішінде бюджет тапшылығы 11 триллион теңгеден асып кетті. Сондықтан бюджетті тиімді басқару және оның өлшемдерін неғұрлым дұрыс болжау Үкіметтің алдында тұрған басты міндет болып қала береді. Қаржы министрлігі бытырғы табыс жоспарын алдын ала төленген осы жылдың салықтары есебінен орындағаны белгілі. 600 миллиард теңге көлемінде қосылған құн салығын қайтару уақытша тоқтатылды. Демек бюджет мәселелері бизнестің айналымдағы қаражаты есебінен шешілді. Әлі шешімін таппаған тағы бір мәселе – бюджетті бөлу тәртібі. Ол экономикалық бәсеңділікті арттыруға бағытталмаған. Қаражат күнделікті мәселелерді шешуге жұмсалмай, стратегиялық мақсаттар соның көлемінде қалады. Үкімет шығыстардың экономикалық пайдасы барынша жоғары болуына баса мән бере отырып, оның нақты басымдықтарын айқындау керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазір жаңа Салық кодексі әзірленіп жатқанын мәлімдеді. Бұл құжат инвесторларға қолайлы жағдай жасау мен бюджетке қажетті көлемде қаржы түсірудің арасында көкейге қонымды теңгерімді қамтамасыз етуі керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет жаңа инвестициялық кезеңді бастауға тиіс екенін айтты. Ол негізгі капиталға салынған инвестицияның ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесі азайып бара жатқанына назар аударды. Басқаша айтқанда, экономикаға жеткілікті қаражат салынбай жатыр. Соның салдарынан алдағы жылдары елдің даму қарқынын сақтап тұрудың өзі қиын болуы мүмкін.

– Ішкі және сыртқы инвестицияны айтарлықтай көбейту керек. Бұл – жаңадан құрылған Инвестициялық штабтың негізгі міндеті. Штаб елге инвестиция тартуға қажетті біртұтас экожүйе қалыптастыруы керек. Даму институттарының жұмысын жандандырып, бизнес өкілдерімен тиімді диалог жүргізуге тиіс. Шетелдегі мекемелердің, орталық пен аймақтардың арасында тығыз байланыс орнату қажет. Ең бастысы, Инвестициялық штаб қажетті шешімді дер кезінде қабылдауы керек.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дөдебаев, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Мекеме басшыларының шетелге жасаған әрбір іс-шарасы нақты нәтиже беруге тиіс. Сапар қорытындысы бойынша Үкімет басшылығына, қажет болған жағдайда Президентке есеп берілуі керек. Инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысты кедергілер, өсіресе, аймақтарда жиі болып тұрады. Әкімдер инвестиция тартудың орнына ескі әдетке салып, бюджет қаражатына сеніп отырады. Аймаққа жеке инвестиция тарту өкімдердің ең басты міндетінің бірі болуы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы жарты жылдың нәтижесі бойынша Инвестициялық штабтың жұмысы қорытындыланатынын айтты. Әрбір министр мен өкімнің осы бағытта атқарған жұмысына нақты баға беріледі.

– Талап қатаң болады. Елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару инвестицияның тағы бір қайнар көзі болуға тиіс. Мен бұл шаруаның бағыт-бағдары туралы бірнеше рет айтқан болатынмын. Бизнес өкілдерімен кездесулерде де осы мәселеге тоқталдым. Үкіметті құрылымдар жұмысты жандандыруы керек. Түскен қаражатты еліміз үшін маңызды зор жобаларды жүзеге асыруға пайдалану қажет. Алайда бұл істе құқық қорғау органдары жүгенсіздікке жол бермеуге тиіс. Тағы да ескертсем, «шаш ал десе, басалып», асыра сілтемеу керек. Мен мұндай жөнсіз әрекеттің қай-қайсысын да қатаң айыптаймын. Бұл жұмыстың әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша мәні бар. Маңызды экономикалық міндетті орындауды көздейтін осы бастаманы ешкімнің жоққа шығаруына жол берілмейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау тағы бір маңызды міндет ретінде айқындалды. Бұл жұмыс инвестиция тарту және бюджет қаражатын тиімді пайдалану ісіндегі реформалармен барынша үйлесіп, оны толықтыра түсуге тиіс. – Қазір құрылыс саласында сараптама жасауды мемлекеттің иелігіне қайтару мәселесі қызу талқыланып жатыр. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең басты міндет. Құрылыс сапасына жасалатын бақылауды міндетті түрде

құшеуі керек. Бұл – анық дүние. Алайда мемлекет осы нарықты түгел иемденіп алмауы қажет. Шынайы бәсеке болуға тиіс. Үкімет барлық тараптың мүддесін ескеруі керек. Бұл салада үлескерлік құрылысқа, ғимараттардың заңсыз өрі орнысыз салынуына, мүлік иелерінің бірлестігін реформалауға қатысты қордаланған мәселелер бар. Азаматтар үнемі шағымданып жатады. Алайда құзырлы органдар өлі күнге дейін тиісті шара қолданбай отыр. Үкімет бұл мәселе бойынша жыл соңына дейін нақты шешім қабылдауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұған қоса, Президент экономиканы кешенді түрде ырықтандыру үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін айтты. Бұл – мемлекеттің экономикалық үдерістерге шамадан тыс араласуынан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік беретін өте маңызды реформа.

– Бұлар экономиканың барлық саласына қатысты маңызды міндеттер. Бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлу, бәсекенің заңсыз тәсілдерін қолдануды түбірімен жою қажет. Жекешелендіру тиімді жүргізілген жағдайда ғана экономиканың барынша өркін дамуына жол ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үкіметке мемлекеттік меншік тізілімін қайта қарау және жекешелендіру үдерісінің әдіс-тәсілін нақтылау, сондай-ақ Стратегиялық жоспарлау және реформалар, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттіктерімен бірлесіп отырып, бір ай ішінде Экономиканы ырықтандыру (либерализация) туралы Жарлықты әзірлеу жөнінде тапсырма берілді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздегі өндірістің дамуына тың серпін беруді талап етті.

– Баршаға түсінікті және тиімді индустрия саясатын жүргізу үшін бытыр жеке министрлік құрылды. Содан бері біраз уақыт өтті, енді жұмыстың нәтижесін көрсету керек. Министрлік саланың даму бағдарын анықтап, инвесторларға жол көрсетуі керек. Озық технологияны қолданатын жаңа өндірістер ашу қажет. Алайда нақты шаралар мен әдіс-тәсілдер дайын емес. Өндірістің дамуына серпін беретін жобалардың тізімі бар. Дегенмен бұл жұмыс та толық аяқталмаған.

Бұл өндірістер экономика құрылымын өзгертуге, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалауға және технологиялық өсімді қамтамасыз етуге тиіс. Өзірге мұның ешқайсысы іске асқан жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тағы бір маңызды міндет – агроөнеркәсіп кешенін дамыту және су ресурстарын үнемдеп пайдалану.

– Ауыл шаруашылығының дамуын тежеп тұрған кедергілерді бәріміз білеміз. Басты түйткіл – жылдар бойы қажетті қаржының жеткілікті бөлінбеуі. Инвестицияның тапшылығы техниканың тозуына, егіннің бітік және еңбектің өнімді болмауына өкел соқтырады. Сондықтан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржыны барынша, тіпті, мүмкіндік болса, екі есе арттыру қажет. Оған бюджеттен ғана емес, басқа да қаржы көздерінен, соның ішінде екінші деңгейдегі банктен қаражат тартқан жөн. Көктемгі егіс науқанына және күзгі жиын-терінге жеңілдікпен берілетін несие 1,5 триллион теңгеге дейін арттыру керек. Ал инвестициялық жобаларға бөлінетін жеңілдетілген несие 800 миллиард теңгеге жеткізу қажет. Жеңілдікпен лизинг беруге жыл сайын кемінде 450 миллиард теңге бөлінуге тиіс. Сонда өр жыл сайын ауыл шаруашылығы техникасының 10 пайызы жаңарып отырады. Бұл шаралар ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2 есе арттыруға жол ашыды, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, Үкімет агроөнеркәсіп кешенінің шикізаттық бағытынан ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісіне көшуіне айрықша көңіл бөлгені жөн. Сондай-ақ Мемлекет басшысы су үнемдейтін технологияларды кеңінен қолданысқа енгізудің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бүкіл ел болып суды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Елімізде су тым орынсыз жұмсалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев коммуналдық-энергетикалық секторды жаңғырту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Оның айтуынша, елді мекендердің тыныштығын қажетті барлық жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Үкімет пен өкімдіктердің негізгі міндетінің бірі.

– Жыл сайын жылыту маусымында сол бір проблемалар қайталану береді. Мемлекеттік органдар қателіктер мен олқылықтардан сабақ алмайды. Соның кесірінен осы сала қазіргі мүшкіл халге жетіп отыр. Алматыдағы екінші жылу электр орталығындағы бу-газ қондырғысының құрылысы созылып кетті.

Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің энергоблогын қалпына келтіре алмай жүргенімізге он жылдан асты. Сондай-ақ Екібастұздағы екінші ГРЭС-ті кеңейту және күрделі жөндеу жобасы уақтылы жүзеге асырылмай жатыр. Үкімет, ең алдымен, биыл апатты жағдайдағы 19 жылу орталығын жаңғырту жұмыстарын аяқтауға тиіс. Сонымен қатар қуаты 700 мегаватттан асатын қосымша күат көзімен қамтамасыз ету керек. Белгіленген мерзімді шегеруге болмайды. Жалпы, еліміз электр, жылу, су өндіру және жеткізу қуатының тапшылығын сезініп отырғаны жасырын емес, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Үкіметке елдің коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымын нысандарын қайта қалпына келтіріп, дамыту үшін нақты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру үшін жұмысты жандандыру қажет екенін атап өтті. Биыл бірінші жартыжылдықта теміржол саласындағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қамтитын бағдарламалық құжат қабылдау міндеті жүктелді.

Жалғасы 2-бетте.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Жалғасы, басы 1-бетте.

– Келесі – автожол мәселесі. Еліміз үшін айрықша маңызды «Астана – Балқаш – Алматы» тас жолы әлі күнге дейін жөнделіп біткен жоқ. Құрылыс 2017 жылдан бері жүріп жатыр. Республикалық маңызы бар «Атырау – Астрахань», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Талдықорған-Өскемен» жолдарының жөнделіп жатқанына 5 жылдан асты. Биыл осы жұмыстар біржолата аяқталуға тиіс. Жалпы, жол мәселесіне келгенде бір ғана мақсат болуға тиіс. Республикалық немесе

аймақтық жол болсын, еліміздегі жолдың бері сапалы болуы керек. Өзірге жағдай маз емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұдан бөлек, Президент экономиканы цифрландыру ісін жалғастыру және жасанды интеллект технологиясын кеңінен қолдану аса маңызды екенін еске салды. Президент Мемлекеттік және қаржы қызметтерін цифрландыру ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткізілгенін айта келе, еліміз қуаты күшті суперкомпьютер құруға кіріскенін мәлімдеді. Ол ғалымдарға ғана емес, сонымен қатар

біздің нарықта жұмыс істейтін түрлі компанияларға да қолжетімді болады. Үкіметтің кеңейтілген отырысында әлеуметтік сала мәселелеріне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен қолдау құрылымдары және механизмдерін толық қайта қарау қажет екенін айтты. Президенттің пікірінше, әлеуметтік көмектің тиімділігін арттырып, оның кімге және қалай берілетінін ойластыру керек. Сонда бөлінген қаржыны барынша тиімді жұмсап, оны шын мәнінде көмекке мұқтаж

адамға беруге мүмкіндік туады. Денсаулық сақтау жүйесінде қордаланған мәселелер де назардан тыс қалмады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылғанына бес жыл болды. Содан бері бұл саланың бюджеті 2 есе артты. Биыл 2,6 триллион теңге бөлінеді. Алайда медициналық көмектің сапасы айтарлықтай жақсарды деп айтуға болмайды. Көптеген қызмет әлі де қолжетімді емес. Бұдан бөлек, көп жағдайда ресурстар тиімсіз жұмсалады. Соның салдарынан бұл салаға қосымша қаржы бөліп, бюджетке салмақ салуға тура келеді. Үкімет медициналық сақтандыру жүйесінің қызметін қатаң бақылауға алуы керек. Бұл жүйе қарапайым әрі түсінікті болуға тиіс. Медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру қажет. Мемлекет кепілдік беретін медициналық қызмет оның базалық бөлігі болуға тиіс. Келесі бөлігі жұмыс берушілер мен азаматтардың жарналарынан құралатын сақтандыру қаражаты есебінен жасақталуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға көдергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

– Экономикаға жаңа серпін беру үшін Үкімет кәсіпкерлермен, инвесторлармен толыққанды серіктес ретінде тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Мемлекеттік аппарат барынша тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі керек. Қағазбастылық, көзбояушылық дегенді доғару қажет. Жоғарыдан тапсырма берілгенін, азаматтардан арыз түскенін немесе жағдайдың нашарлап кеткенін күтіп отырмау керек. Бастама көтеріп, дербес жұмыс істей білу қажет. Қазір Үкімет айрықша құзыретке ие болды. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Шуғыл түрде тиісті шешімдерді қабылдау қажет, – деп түйіндеді сөзін Мемлекет басшысы.

Ақорда.

ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ

Қазақстан үкіметі

● - жаңа тағайындаулар



Роман Скляр
премьер-министрдің
бірінші орынбасары



● **Олжас Бектенов**
премьер-министр



Серік Жұманғарин
премьер-министрдің
орынбасары



Тамара Дүйсенова
премьер-министрдің
орынбасары



Ғалымжан Қойшыбаев
премьер-министрдің
орынбасары /
үкімет аппаратының
жетекшісі



Мұрат Нұртілеу
премьер-министрдің
орынбасары /
сыртқы істер
министрі



● **Нұрлан Байбазаров**
премьер-министрдің
орынбасары /
ұлттық экономика
министрі



Руслан Жақсылыков
қорғаныс
министрі



Саясат Нұрбек
ғылым және
жоғары білім
министрі



● **Ақмарал Әлназарова**
денсаулық
сақтау министрі



● **Шыңғыс Өрінов**
төтенше
жағдайлар
министрі



● **Меди Такиев**
қаржы
министрі



Светлана Жақыпова
оңбек және
халықты әлеуметтік
қорғау министрі



Арман Шаққалиев
сауда және
интеграция
министрі



Аида Балаева
мәдениет
және ақпарат
министрі



Марат Қарабаев
көлік
министрі



Ержан Сәденов
ішкі істер
министрі



Ерлан Нысанбаев
экология және
табиғи ресурстар
министрі



Қанат Шарлапаев
өнеркәсіп және
құрылыс
министрі



Нұржан Нұржігітов
су ресурстары
және ирригация
министрі



Айдарбек Сапаров
ауыл
шаруашылығы
министрі



Ермеқ Маржықлаев
туризм
және спорт
министрі



Ғани Бейсембаев
оқу-ағарту
министрі



Алмасаддам Сәтқалиев
энергетика
министрі



Бағдат Мусин
цифрлық даму,
инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі



Азамат Есқараев
әділет
министрі

Ал үкіметтің құрамы қатты өзгерген жоқ. Бұған дейінгі министрлердің басым бөлігі өз орнында қалды. Төртеуі ғана ауысты. Олар – денсаулық сақтау, қаржы, төтенше жағдайлар және ұлттық экономика министрлері. Соңғысы премьер-

Қазақстанда премьер-министр қызметіне 43 жастағы Олжас Бектенов тағайындалды. Жаңа үкіметтің құрамы қалай өзгергені туралы Sputnik Қазақстан инфографикасынан оқыңыз.

министрдің орынбасары қызметін қоса атқарады. Осылайша, үкіметте экономика

саласына ерекше басымдық беріліп отыр. Бүгін үкіметтің кеңейтілген отыры-

сында президент Тоқаев негізгі мақсат-міндетті де еске салды. Үкімет 2029 жылға қарай экономиканың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуі керек. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз.

2023 ЖЫЛЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ МӘСҚ-ДАН 8,9 МЛРД. ТЕҢГЕ СОМАҒА ТӨЛЕМ АЛДЫ

2005 жылдан бастап Қазақстанда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (Қор) атынан жұмыс істейтін азаматтар үшін әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша деңгейін қамтамасыз ететін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі енгізілді.

Жүйе жұмыс істеген жылдары елімізде оған қатысушылар саны шамамен 7 млн. адамға жетті, ал Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 168 мың адам.

Әлеуметтік кодекстің қабылдануымен, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап әлеуметтік сақтандырумен қамту жаңа санатпен кеңейтілді – жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды ертіп жүретін жеке көмекшілер, ал 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап жүйе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғаларды қамтиды.

Жүйенің қаржылық ресурстары жұмыс берушілердің өз қаражаты есебінен жұмыскерлер үшін төлейтін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдарда өздері үшін әлеуметтік аударымдар төлейді.

Заңнамада қызметкердің табысының 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдардың белгіленген ай сайынғы мөлшерлемесі нақты шектеулермен – бір ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) кем емес және 7 ЕТЖ артық емес болып белгіленген. Яғни, 2024 жылғы ЕТЖ 85 000 теңге болғанды әлеуметтік аударымдардың ай сайынғы ең төменгі мөлшері 2 975 теңгені құрайды, ал аударымдарды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген кіріс – 595 000 теңге, Қорға 20 825 теңге төленуе жатады.

Әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлеу өте маңызды, өйткені әлеуметтік төлемнің мөлшері осыған тікелей байланысты.

2023 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 21 мыңға жуық адам Қордан жалпы сомасы 8,9 млрд. теңгеге әлеуметтік төлем алды.

Әлеуметтік төлем түрлеріне тоқталсақ, жүйе еңбекке қабілеттілігін айырылуы және асыраушысынан айырылуы бойынша екі ұзақ мерзімді төлемді көздейді, олар бюджеттен тағайындалатын осыған ұқсас мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша Қордан төленеді. 2023 жылы мұндай төлемдерді мүгедектігі бар 2,9 мың жұмыс істейтін азамат және асы-

раушысынан айырылған 1,8 мың отбасы алды. 2023 жылы көрсетілген төлемдердің тағайындалған мөлшерінің жылдық мәнде 23% - ға екі реттік өсуін ескере отырып, бұл мақсаттарға Қордан 945 млн. теңгеден астам қаржы бағытталды.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен еңбекке қабілеттілігін айырылуы және асыраушысынан айырылуы бойынша ұзақ мерзімді төлемдердің мөлшері тағы да 7% - ға арттырылды.

Қолданыстағы ақпараттық жүйелер төлемдер мөлшерінің артуына байланысты автоматты режимде, яғни азаматтардың қандай да бір қосымша құжаттарды беруін қажет етпестен қайта есептеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Қордан келесі әлеуметтік төлем жұмысынан айырылу жағдайы бойынша жүйеге қатысушыға жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап тағайындалады. Айта кетейік, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап төлем мөлшерін есептеу үшін қолданылатын кірісті алмастыру коэффициенті 40% - дан 45% - ға дейін ұлғайтылды. 2023 жылғы облыс бойынша бұл төлемді 844 млн. теңге сомаға 4,4 мың адам алды.

Жүктілікке және босануға, Қордан жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісін айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем жүктілігі және босануы бойынша берілген демалыстың барлық күндеріне тағайындалады. 2023 жылы облыста осы біржолғы төлемді 3,1 млрд. теңге сомаға 3,7 мың болашақ ана алды.

Сонымен қатар, аталған кезеңде облыста 8,6 мың адам бала күтіміне байланысты кірісін айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем алушы болды, оларға Қордан 3,7 млрд. теңге төленді. Бұл төлемнің ұзақтығы – балаға ақылы күтім кезеңі 2023 жылдың қаңтарынан бастап бір жылдан бір жарым жасқа дейінгі ұзартылды.

Осылайша, облыс бойынша төлемдердің 75%-ы ана мен баланы қолдау мақсатында жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге «Үйден шықпай-ақ» жүгіну үшін жағдай жасалуда. «Бір терезе» қағидаты бойынша композиттік қызметтер іске асырылуда. Мысалы, еңбекке қабілеттілігін айырылуы бойынша төлемді медициналық-әлеуметтік сараптама

арқылы, мүгедектігі анықталған кезде бірден, жұмысынан айырылу бойынша төлемді – мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген кезде немесе epeb.kz. «Электрондық еңбек биржасы» порталы арқылы алуға болады. Егер мансап орталығында тіркелген болса, онда етініш беру үшін egov.kz «электрондық үкімет» порталы қолжетімді, бұл порталдың ақпараттық жүйелерде көрсетілетін қызметті алушы туралы қажетті мәліметтер болған жағдайда әлеуметтік төлемдердің көз келгеніне жүгінуге арналған алаң болып табылатынын айта кеткен жөн. Электрондық қызметтерді дамыту жөніндегі бастаманы екінші деңгейдегі банктер қолдайды, олардың кейбірінің мобильді қосымшаларына бала күтімі және жұмысынан айырылу бойынша төлемдерді тағайындауға жүгінуге болады.

Отбасының цифрлық карта-сын енгізумен проактивті нысанда төлемдерді тағайындау өзекті болып отыр, тек төлем алу құқығын іске асыруға етініш берушінің келісімі жеткілікті. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының арасындағы диалог ұялы телефон нөміріне жіберілетін смс-хабарламалар алмасу жолымен жүреді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің шамамен 60%-ы электрондық көздер арқылы етініштер бойынша тағайындалды. Мұнда электрондық қызметтерді қарау мерзімі 8-ден 4 жұмыс күніне дейін қысқарды.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін egov.kz электрондық үкімет порталы немесе екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы онлайн режимде, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері (Халыққа қызмет көрсету орталықтары) немесе Қордың филиалдары арқылы түскен әлеуметтік аударымдар туралы ақпарат алу мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Жүйе туралы толығырақ ақпарат ерқаған Қордың www.gfss.kz сайтында немесе Instagram: gfss.; Facebook және Youtube: @gfsskaz) әлеуметтік желілердегі Қордың ресми аккаунттарында қол жетімді, сондай-ақ біздің филиалымыз Instagram: gfss.sko және 8 715 2 39-00-58, 8 715 2 39-00-25 телефондары арқылы алуға болады.

«ҚАУІПСІЗДІК КЕРУЕНІ» КӨШПЕЛІ АКЦИЯСЫ



03 ақпан күні Солтүстік Қазақстан облысының аумағында «Қауіпсіздік керуені» көшпелі акциясы басталды, оған Мағжан Жұмабаев ауданы еріктілер фронт-офисінің волонтерлері қатысып, Полудин ауылына барды. 524 адамнан тұратын 327 ауланы аралаған еріктілер, түрлі тақырыптағы 800-ден астам жадынама таратты (тұншықтырғыш газ, жылыту пештерін пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі, электр сымдары, сондай-ақ су тасқыны қаупінің алдын алу және т.б.).

Әрбір үй иесімен жеке-жеке қол қойып танысу арқылы әңгімелесу (түсіндіру) өткізілді, анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстар берілді. Бұл жұмыстар өлі де жалғасын табатын болады.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ОҚУШЫЛАРҒА ДӘРІС ОҚЫДЫ



5 ақпан күні кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аға учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Нұрбол Байманов, учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Аслан Әлібаев Возвышенка орта мектебінде оқушыларымен және мұғалімдерімен кездесіп, «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі», «Қоғамдық жерде өзін-өзі ұстау», «Балалар құқығы» тақырыбында алдын-алу дәрістерін өткізді.

КҮШЕЙТІЛГЕН РЕЖИМДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА

Теміржол келігі объектілерінде жазатайым оқиғаның алдын-алу, болдырмау, тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстардың алдын алу және жолын кесу мақсатында ағымдағы жылдың 5-29 ақпаны аралығында Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет атқаратын аумақта «Қауіпсіз жол» желдеп-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Петропавл станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету аумағында «Қауіпсіз жол» желдеп-профилактикалық іс-шарасының екі күні ішінде 19 әкімшілік құқық бұзушылықтар тіркелінді, атап айтқанда, ҚРЭҚБТК 560 бабының 2 бөлігімен, яғни теміржол келігі құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу фактісі бойынша 3 факті тіркелінді, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдік ішу бойынша 1 факті тіркелінді, ҚРЭҚБТК-нің 440 бабының 1 бөлігі бойынша 50 жасар вокзалы аумағында масаң күйде жүргені үшін 50 жасар азаматқа 9230 теңгеге айыппұл салынды, ҚРЭҚБТК-нің 559 бабының 5 бөлігімен, яғни темір жол бойымен белгіленбеген жерден өту бойынша 14 факті тіркелінді, ҚРЭҚБТК-нің 517 бабының 4 бөлігімен шетелдіктің не азаматтығы жоқ тұлғаның көші-қон саласындағы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін 1 факті тіркелінді. 32 жасар Әзбекстан Республикасының азаматына қатысты Петропавл қалалық арнайы сотымен 92 мың 320 теңгеге айыппұл салынды.

Петропавл станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері азаматтарға жолаушылар және қала маңы электрпоелездарында қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауларын сұрайды. Сондай-ақ қоғамдық орындарда ұялы шегу, ішімдік ішу, жолаушылар поелездарында қоқыс тастауға тыйым салынатыны жайында ескертеді.

Петропавл станциясындағы желілік полиция бөлімі.

2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БАСТАП ОТАНДАСТАРЫМЫЗҒА БЖЗҚ-ДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ МӨЛШЕРІ ҰЛҒАЙДЫ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбек сіңірген демалысқа 2018 жылғы 1 қаңтардан кейінгі кезеңде шыққан зейнеткерлерге БЖЗҚ-дан берілетін төлем мөлшері 5% артты.

БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 521 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

Төлем әдістемесіне сәйкес, зейнетке шығатын азаматтарға берілетін төлем мөлшері былай есептеледі: төлем алу басталатын бірінші жылда зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесі 6,5% көбейтіліп, 12-ге бөлінеді.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеп, жиынтығында кемінде алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар сияқты белгілі бір санаттағы алушылар үшін Әдістемеді ай сайынғы

зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері қозделген. Жоғарыда көрсетілген шарттардың біреуінен артығын қанағаттандыратын адамдар үшін ең үлкен мәнге не түзету коэффициенті қолданылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-дан берілетін ай сайынғы зейнетақы төлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жиналуына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі – ТКД) кемінде 70% мөлшерінде жүзеге асырылады (2024 жылы ТКД - 43 407 теңге). Осылайша, жыл басынан бері БЖЗҚ-дан берілетін ең төменгі төлем мөлшері 30 384,9 теңгені (70% * 43 407 теңге) құрады.

Бұдан кейінгі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеудің 5% мөлшерлемесіне ұлғайтылып отырады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жүзеге асырылған күндегі зейнетақы жинақтарының сомасы тиісті қаржы

жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда, бұл сома алушыға Қордан бір рет біржолата төленеді (2024 жылы біржолғы зейнетақы төлемінің мөлшері 694 236 теңге = 12 * 57 853 теңге).

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін іске асырған адамдарға зейнетақы төлемдері оларға зейнетақы төлемдерін тағайындау сәтінде қолданыста болған әдістеме бойынша есептеледі: жылдық зейнетақы төлемінің сомасы есептелеп, ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшерінің ең жоғары көрсеткішінен (2024 жылы: 1 735 590 теңге = 30 * 57 853 теңге) және зейнетақы жинақтары сомасын алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы қуышының коэффициентіне көбейтілдісі ретінде есептелген шамадан аспайды.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері жеке зейнетақы тауысындағы зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

ТАҒАЙЫНДАУ

АУДАН АКТИВІНЕ ЖАҢА ПРОКУРОР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



1 ақпан күні Мағжан Жұмбаев ауданының активіне аудан прокурорының міндетін атқарушы Жалби Фани Қуанышұлы таныстырылды.

Мағжан Жұмбаев ауданы әкімінің міндетін атқарушы Тасмағанбетов Достан Серікболтаұлы кездесуге қатысуға арнайы келген Солтүстік Қазақстан облысы прокурорының орынбасары Александр Владимирович Трикачевке сөз беріп, ол жаңа прокурорды таныстырды.

Оның айтуынша, Фани Қуанышұлы 1980 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Жоғары заң білімі бар, Оңтүстік Қазақстан ашық университетін бітірген.

Еңбек жолын 2004 жылы бастаған. Басшы лауазымдарда 8 жылдан астам тәжірибесі бар. Петропавл қаласы, Фабит Мүсірепов атындағы аудан прокурорының орынбасары, облыс прокурорының басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Жұмыс өтілі



25 жылдан асады, ал прокуратура органдарында 17 жылдан астам қызмет етеді.

Кездесу соңында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов сөз алып, жаңадан

тағайындалған Фани Қуанышұлына сәттілік тілеп, оның алдында ауданда қызмет етіп, бүгін зейнетке шығып отырған Алтынбек Ибадуллаұлы Таңқыбаевқа алғыс білдірді.

АВАНГАРД АУЫЛДЫҚ ОКРУГИНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Барлығы 3 кандидаттар ұсынылды: «AMANAT» партиясынан - 1, өзін-өзі ұсынғандар - 2.

2024 жылғы 4 ақпанда сағат 18.00. жағдай бойынша 3 кандидат тіркелді: «AMANAT» партиясынан - 1, өзін-өзі ұсынғандар - 2.

Қазіргі уақытта барлық кандидаттардың құжаттары арнайы тексеруге жолданды.

Барлық тіркелген кандидаттар куәліктерін алды, сайлау бюллетеньдеріне енгізілді.

2024 жылғы 25 ақпанға тағайындалған Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округі әкіміне сайлау бойынша кандидаттардың тізімі:

1. Коношевский Александр Андреевич;
2. Кучерявая Наталья Сергеевна;
3. Тищенко Наталья Юрьевна.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ АУДАНЫ АВАНГАРД АУЫЛДЫҚ ОКРУГИНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес 2024 жылғы 31 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкіміне келесі кандидаттарды тіркеді:

| Аты-жөні, тегі | Туған жылы | Атқаратын қызметі (жұмысы), жұмыс орны және тұрғылықты жері |
|---------------------------------|------------|--|
| Авангард ауылдық округі | | |
| Коношевский Александр Андреевич | 1979 | Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы Авангард ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қ., «AMANAT» Партиясы» КБ ұсынған |
| Кучерявая Наталья Сергеевна | 1972 | Экономика секторының меңгерушісі, «СҚО Мағжан Жұмбаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қ., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынған |
| Тищенко Наталья Юрьевна | 1993 | Басшының орынбасары, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмбаев ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ, тұрғылықты жері: СҚО, Мағжан Жұмбаев ауданы, Булаев қ., өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынған |

Мағжан Жұмбаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚИЗМЕТ ЕТЕМІН!

ӘСКЕРИ МІНДЕТТІЛЕРГЕ ҚЕЗЕҚТІ ӘСКЕРИ АТАҚ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының 102 тармағына сәйкес әскери міндеттілерге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 30 желтоқсандағы № 557-ОК Бұйрығымен кезекті әскери атақтар берілді.

Мәселен, запастағы аға лейтенант Ержан Дүйсембайұлы Мырзатаевқа «запастағы капитан», запастағы лейтенант Әлішер Ермекулы Айтжановқа, запастағы лейтенант Эдуард Канатович Журавлевке, запастағы лейтенант Ермек Кішібайұлы Исмағұловқа, запастағы лейтенант Хасан Мұсаевич Ибрагимовқа, запастағы лейтенант Дәурен Қайратұлы Рысовқа, запастағы лейтенант Сайран Дүйсембайұлы Сүлейменовқа, запастағы лейтенант Дархан Маратұлына Шегебаевқа «запастағы аға лейтенант» әскери атақтары берілді.

Сондай-ақ, лейтенант Дамир Ерланұлы Ыбыраев әскери жиндардан өту қорытындысы бойынша міндеттерін адал және жауапты орындағаны, үлгілі әскери тәртібі, Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан лайықты үлесі үшін Солтүстік Қазақстан облысы қорғаныс істері департаментінің бастығы, полковник А. Айдаболовтың грамотасымен марапатталды.

Аудан әкімінің м.а. Достан Тасмағанбетов мағжандықтарға кезектен тыс әскери атақтарды салтанатты түрде тапсыра отырып, әскери міндеттілерді жиындардан сәтті өтуімен және әскери атақтар алуымен құттықтады.

Өз кезегінде запастың аға лейтенанты Ермек Исмағұлов әріптестері атынан аудан басшылығына және ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жоғары деңгейде ұйымдастырылған әскери жиындардан өтуге мүмкіндік бергені үшін шынайы алғысын білдірді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

2-ші ақпан күні аудан әкімдігінің отырыс залында ауданымыздың запастағы офицерлеріне кезекті әскери атақ беруге арналған салтанатты іс-шара белен өтті. Біздің аудан аумағында өткен жылдың 31 тамызы мен 9 қыркүйекті аралығында "Бекет 2023" әскери жиындары өтті. онда әскери міндеттілер жиыны барысында атыс, тактикалық, жедел даярлық, сендай-ақ жауынгерлік және арнайы даярлықтың басқа да түрлері бойынша дайындықтан өткен белатын.



Лирик ақын, сан қырлы талант



Ерік ағамыздың туған жері – Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, ауасы жұпар, суы бал, топырағы құнарлы, шөбі шүйгін Дүйсеке дейтін шұрайлы аялда. 1959 жылы 10 ақпанда дүниеге келген ақын ағамыздың биыл туғанына - 65 жыл. Қазақтың жайсаң азаматы Ерік Асқаров - айтыскерлік пен жазба ақындықтың қос арнасын біріктіре

шығармашылық ғұмыр сүрген талантты тұлғалардың бірі еді. Қамшының сабындық қысқа өміріндегі қызмет жетістіктеріне үңілсек: мектеп бітірген соң, Алматы қаласына аттанған, сол Алматыда ақындық жолын тапқан екен.

1983 жылы Алматы Көркем театр институтын бітіріп, режиссер мамандығын алған. Республикалық Қазақ телевизиясында режиссер, «Жазушы» баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағы әдеби қорының директоры болған, Көкшетау, Астана қалаларында қызмет атқарған. «Қарлығаш», «Жетіген», «Аққудың көгілдірі» атты жыр жинақтарының, «Біржан сал», «Петропавловск – қызылдардың қаласы» атты пьесалардың авторы. Айтыскер ақын ретінде көптеген айтыстарға қатысып, жүлдегер атанған. И. Гогольевтің «Наарасуох», Л. Табукаевилінің «Арманымның ақ құсы» пьесаларын қазақ тіліне аударған. Қазақстан Жазушылар одағының Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлығының (1988), Қазақстан Жастар одағы сыйлығының (1990) лауреаты болған. Жасынан жасындай жарқылдаған жан жақты талантты ағамыз Ерік Асқаров тек айтыс жанрында жарқырай көрініп елге танылып қана қойған жоқ екенін білдік. Ол өзінің ойлы, талғамға татымды жазба поэзиясымен де оқырмандарының, сыншылардың назарына ілінген ақын болды. Ауылмыздың тұрғыны Ақбаров Болат ағамыздың естеліктерінен: бала

кезіндегі Еріктің қылықтарын еске түсіріп, оның сол кезде отырған жерінде өлеңдер шығарып жүретінін айтты. Ондай жастық шағындағы ақын туралы әңгімелері, оқиғалары бізге қызық. Болат ағаның жатқа жаттап алған өлеңдерінің бірі:

Өлсек те лесхоз бізге жер бермейді,
Писаревка әрі кет деп өң-мөң дейді.
Жақсылық жайылымға жоламайды,
Бригадир Айтжан ағай ол келмейді.
Сонда біз сегіз малшы өлеміз бе,
Тағдырдың жазғаны деп көнеміз бе,
Аз жердің қурай-шөбі таусылған соң,
Аттардың жанын ұғып білеміз бе.
«Шапқыраш Ботайға» деген өлеңінде ол:
Сен Шапыраш, мен Ботай болған күнде,
Семіріп қазы-қарты толған күнде,
Зымырап Құлагердей бөйгеде өлсең,
Шірін-ау болмас еді арман мүлде.
Суырып топтан озған жүйрігім-ай,
Құлпырған күлте жібек құйрығың-ай.
Көзінді ақштитғың да өліп кеттін,
Құдайдың қарай қойшы бұйрығын-ай.
Шапыраш жаз жайладым,

қыс жайладым,
Сыртында қыз ауылдың көп байладым.
Шапыраш мерт болды деп естігенде,
Жата қалып алпайладым, ойбайладым.
Түсімде саған қасқыр алдырған едім,
Ақыретте кінәлі болса кешір гөр.
Менде бір атқа мін тағатын

балдырғанмын.
Өмірім өлеңмен өрнектеп, сан алуан тақырыпқа қалам тартқан ақынның Отан, атамекен, туған жер туралы жырлары

жүрекке жылы, көңілге қонымды. Бұл жырларды оқыған сайын өскен елге, туған жердің қадір-қасиетін тағы да бір жаңаша сезгендей, танып-білгендей боласың. Ия, ақын сөзімен айтсақ, "Кірлемме, менің жүрегім" дегендей туған жер бейнесі ақынның сезім-көліні өлеңдер жинағынан көреміз. Біз Ерік ағамызды қадір тұтамыз, еліміздің мақтаншы, артынан қалдырған өдемі өлеңдерін тыңдаймыз, тамсана оқимыз. Ауылымыздың тұрғыны Самат Оралов қыл-қаламын қолына алып, өлең жазғанды жақсы көреді. Осы сәтті пайдалана отырып, біз ақмық ақын Ерік Асқаровқа арнап жазған өлеңін оқырман назарына ұсынамыз.

Ақын ағамыз арнау

Өшпейтін із қалдырған артында,
Сөздері тең ат басындай алтыңға.
Білім менен өнерді арқалаған,
Ерік ағам ақын еді нар тұлға.
Тым ерекше өмірде атын маған,
Жүретесің мәңгіге ақын ағам.
Айтыстарда игігайлап қайыратын,
Бейнең қалды жадымда жарқыраған.
Өмір деген бір ғаламның арнасы,
Ерік ағам Дүйсекеңі тумасы.
Бүгінде қымбат маған шығармасы,
Мен солардың ізбасары, жалғасы.

Жібек АНДАМАСОВА,
Дүйсеке ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



ЖҮРЕКЖАРДЫ

Аз емес досым, жауым да бірақ жоқ емес,
Тіршілік маған - кейде той, кейде төбелес.
Майысып кетер, үзіліп кетер соққанда,
Солқылдап тұрған көк талың, бірақ мен емес.
Терекпін деу де, өменім деу де жөн емес,
Қайымын аппақ, басқа ағаш маған қол емес.
Өлгеннің бәрін көшірсетін жалғаннан,
Күнәсі қалың табыт-тақтай да мен емес.
Есілдің бойын, Қызылжар төсін көмкерген,
Қайың де мені, көшпейтін туған өлкемнен.
Басыма менің ақ қайың ғана ек дер ем,
Жұлқысып жүріп жығылар болсам ертең мен.
Қайыңнан шапқан қайығым менің тербеліп,
Барады жүзіп, желкенің ерке жел керіп.
Жырларымды алып, барады менің қайығым,
Сәлемдескелі келешек күнге қол беріп.
Тағдырдан тілеп, жасай гөр ақын дегем жоқ,
Ант өткен жоқпын тауқыметіңе көнем деп.
Өзі кеп қонды қазаққа біткен ақындық,
Қалды ғой содан қаршадай бала өлең боп.
Жырымды сатпап ешқандай қызық, думанға,
Жанымның аппақ сәулесі өшпей тұрғанда.
Қанаты талмас ақындық менен, қыран жыр -
Арман ғой, арман... Абайдан кейін туғанға.
Өзінің сүйген ақыны көріп мені елім,
Көкірегіңде жатталып қалса өлеңім.
Шырғалаң болып, шындыққа жеткен Фаустай,
- Аялда, уақыт, кереметсің сен! - дер едім...

САҒЫНҒАН ДОСҚА

Ырзамын саған, ырзамын, досым, жалғанда,
Жанымды менің дәл сендей ұққан жан бар ма?!
Сағыны сенің жайдары жаздай жүзінді,
Еске алам дәйім, кейде бір жалғыз қалғанда.
Отырмын жалғыз, жанымда менің жоқ ешкім,
Келеді саған ағытып сырды, кеңескім.
Өрбіген ертеу сырдымды шертпей тұра алман,
Жанымды менің дәл сендей ұққан жоқ ешкім.
Өзіңе деген көңілдің күйі шәртіліп,
Адастым талай арманның аты мертігіп.
Алдымда қанша асулар жатыр, жол жатыр...
Жеткенше соған шалдыққан, сірә, ентігіп.
Тірлікте мынау түсіңбей мені көп пенде,
Ақ көңілімді аяққа басып кеткенде.
Еске алам сені, толқыңға батып жүрегім,
Сағыныш қылып сызылтып жиі шерткенде.
Жеңіл де емес өмір дейтуғын жол мына,
Ауыр бір сәтте досыңнан бөзесен, сол күнә!
Сағыны сені сырласар сызды ұн қатып,
Туған күніме өзің сыйлаған домбыра...

КІРЛЕМЕ, МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

Арманға, қайран кеудем, жеттім деме,
Жүрегім, аласұрып кеттім неге?
Жаралан жаралансаң, мен қайтемін:
Тоқтасаң тоқта және тек кірлемме!

Жыртылсаң табар едім саған жамау,
Міндетім, жүрек, сені харамдамау.
Бел буып кірссем де бермей жүр-ау,
Майданы тіршіліктің маған жалау.

Мына өмір ғажап өмір түсінгенге,
Ғанибет оны жырмен мүсіндеу де.
Дарига-ай, шама шіркін жетер ме өкен,
Жүрекке шаң мен тозаң түсірмеуге?..

Жимаймын көкірегіме мен неге мұң.
Тірі өлген талайларды көрген едім...
Анадан туған жүрек - арпақ жүрек,
Білмеймін қандай күйде жерге өнерім.

Жүргем жоқ жел сөз айтып желпіңгелі,
Кірлетпеу жүрегімді сөртім менің.
Бөу дүние, бір-ақ рет ғұмыр бердің,
Ендеше, бір-ақ рет өлтір мені!

СОҢҒЫ СӨЗ

Шерлі заман келтірсе де толғағын,
Тәтті болмай, ащы болады тордағы үн.
Өтті шырқап, өтті бірақ айта алмай,
Талай Ақан, талай Мұхит соңғы өнін.

Бір халыққа тұлға болу оңай ма,
Сондай тағдыр бұйырыпты Абайға.
Барласа да арғы-бергі заманды,
Соңғы сөзін айта алған жоқ алайда.

Мұндас болып көрімен де, жаспенен,
Қолын бастап жауға шапқан тасберен.
Махамбеттің соңғы сөзі кетті ғой,
Қапияда бақи болған баспенен.

Теңіздейін жата амайтын шайқалмай,
Толқын-толқын тыным алды байқалмай.
Қара сөздің пайғамбары болса да,
Өтті Әуезов соңғы сөзін айта алмай...

Өрттей шарпып жүректерді жаңғырған,
Кәусар ойы сезім шөлін қандырған.
Ұлылар тек жырын емес, ұрпаққа,
Айта алмаған сөздерін де қалдырған...

АНАМЕН СЫРЛАСУ

Бойымнан арылмаған балалығым,
Мен де бір қоңыраулы дара құлын.
Анасыз балалықтың сәні жоғын,
Ұқтырдың түсіме өніп, ана, бүгін.

Талай жыл құшағыңнан мен кеткелі,
Өзімді өз жырыммен тербеткелі,
Түсімде құшағыңа алып әлдилейсің,
Аялап сөйіндейді жеректегі.

Өзінді теңгерем бе еш адамға,
Іздеймін сені көңіл босағанда.
Жүрмесің тілеуімді тілеп менің,
Көрсем деп, немеремді хош-аманда.

Халім бе? Жаман емес бұл күндері,
Желпіп жүр тентегінді жырдың лебі.
Сүтіңмен бойға сіңіп бір қасиет,
Домбырам көкіретке күмбірледі.

Уайымды көкейіңе сағалатпа,
Мен жайлы мақтанып жүр жаматқа.
Тентегің аман болса, бірер жылда,
Күмістен ер-тоқымн салады атқа.

Жақсыға жырларымды арнап бағам,
Жүргейсің тілегімді жалғап маған.
Қашаннан жырга құмар біздің халық,
Анасын аққандардың ардақтаған.

ЕРЕКШЕ ДАРЫН НЕСІ



Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ең мол да ерекше саласы. Айтыс десе ішкер асын жерге қоятын қауым көнеден келе жатқан өнеріміздің жандануына Ерік Асқаровтың айрықша үлес қосты. Талантты жерлесіміз Мағжан Жұмабаев ауданы Дүйсеке ауылының тумасы. Қыршындай жасы үзілмес, ол биыл 65 жылдығын тойлаушы еді.

Жасынан жарқылдаған жан-жақты талантты тұлға Ерік Асқаров тек айтыс жанрында жарқырай көрініп елге танылып қана қойған жоқ. Ол өзінің ойлы, талғамға татымды жазба поэзиясымен де оқырмандарының назарын аударған талантты ақын болатын. Ерік Асқаров айтыскер ғана емес, кәсіби каламгер де болған.

Ерік Асқаров – лирик ақын. Оның жыр жинақтары жүрекке жылы, қазақы қоныр өлеңдерге толы. Әр ақынның жыр арқауы – туған жер, алтын бесігі. Тортінші сыныпта оқып жүргенде «Туған жер» деген өлең шығарыпты. Одан басқа «Мен ертен Қызылжарға тағы аттанам», «Қызылжар», «Қыс болса Қызылжарға кеткім келер», «Бардай ағын ерке Есіл», «Көргің келсе қар бұрқаған боранды», «Қызылжарда биял тіпті қар қалың» атты тағы басқа көптеген жырлары жарық көрді.

Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапханасында Ерік Асқаровтың «Арманымның ақ құсы», «Жүрекжарды», «Кірлемме, менің жүрегім» атты кітаптары бар.

Арманға, қайран кеудем, жеттім деме,
Жүрегім, аласұрып кеттім неге?
Жаралан жаралансаң, мен қайтемін:
Тоқтасаң тоқта және тек кірлемме!

Маржан ТУЯКОВА,
орталық кітапхананың кітапханашысы.

Ерік Асқаровтың «Жүрекжарды» өлеңдер жинағынан

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

КОНЮШЕВСКИЙ АЛЕКСАНДР АНДРЕЕВИЧ

ӨМІРБАЯНЫ



Мен 1979 жылы 7 мамырда Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Булаев қаласында дүниеге келдім. Білімім - жоғары, 2007 жылы Көкшетау университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 1994 жылы Булаев ауданының Чистов ӨК-де жұмысшы болып бастадым, содан кейін 2003 жылы «Чистовское» ЖШС-де жұмысшы болып жұмыс істедім. 2004 жылдан 2006 жылға дейін «Булаев элеваторы» ААҚ

атқаш лауазымын атқардым. 2006 жылдан 2007 жылға дейін «Булаев элеваторы» ЖШС қарауыл бастығы болдым. 2007 жылдан 2019 жылға дейін ҚР ІІМ органдарында қызмет еттім. 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Авангард ауылдық округінің әкімі болып қызмет атқардым. Ауылдық округ әкімдеріне кандидат ретінде әрекет ету туралы шешім қабылдай отырып, мен ауылда барлық әлеуметтік мәселелерді

шешу үшін бар күш-жігерімді салуға ниеттімін. Мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарын басшылыққа ала отырып, округ халқының игілігі үшін жұмыс істейтін боламын. Сондықтан Мен Сіздерді сайлау күні сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің маған берген дауысыңыз - бұл біздің балаларымыздың, жастардың, ата-аналардың бақытты және гүлденген өміріне қосқан үлесіңіз!

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен Авангард ауылдық округі тұрғындарының тағдырына үлкен мән беремін. Сондықтан мен округ тұрғындарының өмірін жақсарту үшін бар күш-жігерімді, білімімді және тәжірибемді жұмсауға дайынмын. Менің жұмысым кезеңінде ауылдық округте Полтавка, Достық, Роцино ауылдарындағы көшелер жарықтандырылды, фельдшерлік-акушерлік пунктке күрделі жөндеу жүргізілді, Полтавка ауылында тарату желілері мен су құбыры құрылыстарының алаңы салынды, Достық ауылында спорт алаңы орнатылды. Бірақ атқарылған жұмыстарға қарамастан, ауылдық округ

тұрғындарының өміріне тікелей әсер ететін шешілмеген мәселелер әлі де бар. Ауыз сумен қамтамасыз ету, кентішілік жолдарды жөндеу және бос уақытты ұйымдастыру жақын арада шешілуі қажет маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Егер Сіздер мені алдағы жылдарға әкім етіп сайласаңыздар: - 2025 жылға қарай Достық ауылында ТСР (таза су резервуары) және сорғы станциясын орнату арқылы таза ауыз суға қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмылатын боламын; - биыл Роцино ауылындағы кентішілік жолдарды тегістеуге ықпал етемін; - 2025 жылға қарай Полтавка ауылында

де демалыс орталығының ашылуына жәрдемдесетін боламын; - 2024-2025 жылдарға Полтавка ауылындағы кентішілік жолдарды жөндеуге қол жеткіземін. Мен бюджеттің шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін: - ауылдың экономикалық дамуы және округ тұрғындарының өл-ауқатын жақсарту; - жаңа жұмыс орындарын құру; - бұқаралық демалыс, мәдениет және спорт орындарын жайластыру. Мен өз үлесімді қосамын: - салауатты өмір салтын насихаттауға,

жастар бастамаларын қолдауға; - әлеуметтік осал отбасыларға, тыл еңбеккерлеріне, жалғыз тұратын зейнеткерлерге қолдау көрсетуге; - мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастарды оқытуға және қайта оқытуға; - жастар арасында қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, округте тұратын этностардың салт-дәстүрлерін сақтауға. Ауылдық округті дамыту үшін мен Сіздерден, қымбатты жерлестеріңнен, қолдауды күтемін! Сайлауға келіңіз! Маған дауыс беріңіз!

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

КУЧЕРЯВА НАТАЛЬЯ СЕРГЕЕВНА

ӨМІРБАЯНЫ



Мен, 1972 жылы 17 тамызда Қарағанды облысы, Нура ауданы, Пржевальское ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары, 2008 жылы Қорған мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 1990 жылы - Қарағанды үй құрылыс комбинатында 3-ші разрядты құрылыс сылақшысы болып бастадым. 1995 жылдан 1997 жылға дейін - Булаев №10 ӨТУ өндірістік оқыту шебері лауазымын атқардым. 1997 жылдан 1998 жылға дейін - СҚО бойынша Жылжымайтын мүлік орталығының Булаев филиалында техник-түгендеуші,

1998 жылдан 1999 жылға дейін - аға техник-түгендеуші болып қызмет еттім. 1999 жылдан 2003 жылға дейін - «СҚО бойынша жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚ Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының жетекші маманы, 2003 жылдан 2006 жылға дейін маманы, 2006 жылдан 2007 жылға жетекші маманы, 2007 жылдан 2008 жылға дейін - бас маманы болып еңбек еттім. 2008 жылдан 2011 жылға дейін - «СҚО ІҚМ және ҚР ӨМ ОПП бойынша жылжымайтын мүлік орталығы» РМҚК Мағжан Жұмабаев ауданының филиалында бас инспекторы, 2011 жылдан 2011 жылға дейін - техникалық тексеру жөніндегі маманы, 2011 жылдан 2012

жылға дейін - біліктілігі жоғары деңгейдегі маманы болып жұмыс істедім. 2012 жылдан 2012 жылға дейін - «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ, коммуналдық меншікті басқару, кірістерді болжау жөніндегі бас маманның м.а., 2012 жылдан 2019 жылға дейін - коммуналдық меншікті басқару, кірістерді болжау жөніндегі бас маманы, 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін экономикалық сектордың меңгерушісі лауазымын атқарамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен біздің демократиялық мемлекетімізде көп жылдар бойы бейбітшілік пен келісім, халықтар мен ұлт өкілдері арасында түсінушілік пен өзара қолдау сақталып келеді, азаматтардың өл-ауқаты және экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі, әлеуметтік және экономикалық сала-

ларда әртүрлі жобалар іске асырылуда. Егер, мен Авангард ауылдық округінің әкіміне сайлансам, мен қолданыстағы заңнама және өз құзырым шегінде ауылдық округтегі өзекті мәселелерді шешуге бар күшімді саламын. Менің бағдарламам келесі мәселелерді шешуден тұрады: - өмір сапасын, ауылдық округ

тұрғындарының өл-ауқатын арттыру; - округтің ауылдарын абаттандыру, жолдарды жөндеу; - зейнеткерлерді, мүгедектері бар адамдарды, көп балалы және аз қамтылған азаматтарды қолдау; - салауатты өмір салты және адамгершілікті насихаттау жұмысына күш салу;

- медициналық мекеменің жұмысын жетілдіру; - бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайту; - Мемлекеттік бағдарламаны орындау. Округ азаматтарының белсенділігі арқасында мен тұрғындардың өл-ауқатын жақсартуға бар білімім мен күшімді салуға дайынмын.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.

Мағжан Жұмабаев ауданы Авангард ауылдық округінің әкімі лауазымына кандидат

ТИЩЕНКО НАТАЛЬЯ ЮРЬЕВНА

ӨМІРБАЯНЫ



Мен, 1993 жылы 26 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Майбалық ауылында дүниеге келдім. Білімім - жоғары, 2005 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін экономика және бизнес мамандығы бойынша бітірдім. Еңбек жолымды 2013 жылы «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ жастар тәжірибесі бойынша қаржы

жұмысы бойынша экономист болып бастадым. 2014 жылдан 2019 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нде бас маман-бухгалтер лауазымында қызмет еттім. 2019 жылдан 2020 жылға дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нде қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу секторының меңгерушісі болдым. 2020 жылдың 03 қыркүйегінен бастап қазіргі уақытқа дейін «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ басшысының орынбасары болып жұмыс істеймін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Авангард ауылдық округінің әкімі кандидатына берген шешімнің себебі, осы жұмысты атқарғым келеді, көшбасшылық дағдыларымды және өмірлік тәжірибемді азаматтардың өмірлік сапасын көтеруге, әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларды орындауға, алға қойған мақсаттарға жетуге арнаймын. Егер мені жерлестер сайласа, келесі мақсаттарға жұмысымды бағытаймын: - зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп

балалы және аз қамтылған азаматтарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру; - жаңа жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты азайту бойынша әлеуметтік жобаларды іске асыру; - ауылдарды абаттандыру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету, жолдарды күтіп ұстау, көшелерді ағымдағы және орташа жөндеу, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламаларын

іске асыру; - мұқтаж адамдарға демеушілік көрсететін азаматтармен жұмыс ұйымдастыру; - жан-жақты мәдени даму жағдайларын жасау, жастардың бос уақытын ұйымдастыру. - бұқаралық дене шынықтыру мен спортты дамытуға ат салысу, балаларға және жастарға арналған спорт алаңдарын салу,

- округтегі ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, округтің дамуына ортақ үлес қосуға шақыру. Мен өкім болып сайланған кезде, осы бағыттағы жұмыстарды адал өрі сапалы атқаруға тырысамын. Ол үшін бәріміз бір адамдай ұйып, алға қойған мақсат-міндеттерге жету үшін аянбай еңбек етуіміз қажет деп санаймын. Сонда біздің жоспарларымыз іске асатынына сенемін.

Бағдарлама облыстық бюджет есебінен кандидатқа бөлінген қаржы есебінен жарияланып отыр.



| Дүйсенбі, 12 ақпан | Сейсенбі, 13 ақпан | Сәрсенбі, 14 ақпан | Бейсенбі, 15 ақпан | Жұма, 16 ақпан | Сенбі, 17 ақпан | Жексенбі, 18 ақпан |
|---|---|---|--|--|--|---|
| QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN | QAZAQSTAN |
| 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 ШАҢЫРАҚ. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ОТАНДЫҚ BRAND. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 САНА. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ДАЛА ДӘМІ. 14.50 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 01.50 ФУТБОЛ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 АУЫЛДАСТАР. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.40 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 ОТАНДЫҚ BRAND. 01.50 ФУТБОЛ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 03.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». 13.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 АУЫЛДАСТАР. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 23.35, 01.50 ФУТБОЛ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.55 ШАҢЫРАҚ. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». 13.30, 02.00 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 АУЫЛДАСТАР. 15.15, 03.20 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 01.05 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 04.05 ҒЫЛЫМ АДАМЫ. | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 17.00 АҚПАРАТ. 07.00 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.30 ШАҢЫРАҚ. 08.00 М/Ф «МҮЗБАЛАҚ». 09.00, 03.25 ТЕЛЕДӨРІТЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00, 20.00 «ЕГТЗ ЛЕБІЗ». 14.30 М/Ф. 16.00, 17.20 КОНЦЕРТ. 22.30 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.25 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.15 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ 2». | 06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 03.20 ШАҢЫРАҚ. 07.00 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.45 «ДӘУІР ДАНАЛА-РЫ», Д/Ф. 08.35 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 10.00, 18.00 Т/Х «ҚИЛЫ КҮНДЕР». 12.00 «ЕГТЗ ЛЕБІЗ». 14.40 М/Ф. 16.10 ИЖУ-МАРЖАН. 17.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 02.20 АПТА. 20.50, 03.10 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «КӨКЖАЛДАР», Х/Ф. 00.50 Т/Х «АУЫЛ МҮҒАЛИМІ-2». |

| Дүйсенбі, 12 ақпан | Сейсенбі, 13 ақпан | Сәрсенбі, 14 ақпан | Бейсенбі, 15 ақпан | Жұма, 16 ақпан | Сенбі, 17 ақпан | Жексенбі, 18 ақпан |
|---|--|--|---|---|---|---|
| ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР | ХАБАР |
| 05.00, 23.30 «ЗА ВИТРИ-НОЙ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН. 10.25 «КАСПЕР: ЛЕГЕНДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ», Х/Ф. 11.50 М/Ф «ТУРБО-ЗАВРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/Х «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00, 23.30 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 07.00 ОЯН. 10.00 В ФОКУСЕ. 10.25 М/Ф. 11.00 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/Х «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 16.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00, 23.30 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕКТЕП. 10.25 М/Ф. 11.00 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/Х «НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА». 16.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00, 23.30 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 07.00 ОЯН. 10.00 ШКОЛА. 10.25 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 11.00 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 ХАБАРЛІКЕ. 22.45 Т/Х «ҚАРАСУ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/С «МОЙ МУЖЧИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА». 07.00 ОЯН. 10.00 МӨРТЕБЕЛІ ОНЕР. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 Т/Х «БОЗТОРҒАЙ». 15.00 Т/С «ОТДАЙ МОЮ МЕЧТУ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 ТАЛҚЫ. 21.45 МЕГАХИТ. «ДИКАЯ». 23.45 COVER SHOW. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. | 05.00 Т/Х «ҮКІМ». 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 ҚАЗЫНА. 10.00 МЕГАХИТ. «ДИКАЯ». 12.00 М/Ф. 13.20 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00, 19.00 COVER SHOW. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-3». 21.00 7 КҮН. 21.40 «ЗУБНАЯ ФЕЯ», Х/Ф. 00.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. | 05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 «ЗУБНАЯ ФЕЯ», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.25 М/Ф «ТУРБОЗАВРЫ». 14.00 COVER SHOW. 16.00 Т/С «КЕЛІНЖАН-4». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.00 «ПЕРВАЯ ДОЧЬ», Х/Ф. 00.00 ОКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ. |

| Дүйсенбі, 12 ақпан | Сейсенбі, 13 ақпан | Сәрсенбі, 14 ақпан | Бейсенбі, 15 ақпан | Жұма, 16 ақпан | Сенбі, 17 ақпан | Жексенбі, 18 ақпан |
|--|--|--|--|--|--|--|
| 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ | 7 ЕВРАЗИЯ |
| 06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «НЕИДЕАЛЬНАЯ ЖЕНЩИНА». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.35 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.20 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «РОЗЫСК-3». 00.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. | 06.00 ТАМАДА BATTLE. 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.15 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 Т/С «ГРУППА «ZETA»». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 «РАЗМЕННАЯ МОДЕТА», Х/Ф. | 06.00, 03.35 ТАМАДА BATTLE. 08.05, 02.50 «П@УТИНА». 09.00 «ПУТЕШЕСТВИЕ С ДОМАШНИМИ ЖИВОТНЫМИ», Х/Ф. 11.10 «ИПСИМО ПО ОШПЕКЕ», Х/Ф. 14.55 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 16.50 «ПОБЕГ ЗА МЕЧТОЙ», Х/Ф. 18.30, 02.25 АЙНА. 19.00 «X FACTOR». 20.00 «ДЖИНН», Х/Ф. 23.30 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.40 «ЭСКЛОЗИВ» С Д. БОРИСОВЫМ. | 06.00, 03.35 ТАМАДА BATTLE. 07.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.05, 02.55 «П@УТИНА». 09.05 БЕЙКУНО. 11.05 ҚАЙМАҚ. 11.40 «ПЕРВОКУРСНИЦА» Х/Ф. 15.40 X FACTOR. 16.45, 01.55 ӘТУАЙ. 18.00 «КУРКУЛЬ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ЧУЖИЕ И БЛИЗКИЕ», Х/Ф. 00.25 «ПИРАТЫ XX ВЕК», Х/Ф. |

Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай ҚҰНАНБАЕВ.

... өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



БІЛІМДІ ҰЛТ



АУДАНДЫҚ ПІҚІРСАЙЫС ТУРНИРИ

31 қаңтар күні №2 Бұлаев орта мектебінде Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай аудандық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирге 26 команда қатысып, мемлекеттік және орыс тілінде сынга түскен жастар өз шеберліктерін паш етті. Айта кету керек, мемлекеттік тілде 9, ал орыс тілінде 17 команда бақтарын сынады.

Пікірсайыс турнирі өте қызықты өрі тартысты өтті. Әр команда лайықты өнер көрсетіп, бар білімін ортаға салып, жеңіске ұмтылды.
Әділқазылардың шешімі бойынша мемлекеттік тілде сынга түскен командалар арасында 1-ші орынды - Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің "Жаңа көзқарас" командасы жеңіп алды. 2-ші орындарды - Қызыл Қазақстан орталау мектебінің "Азамат" командасы мен Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің "Алаш" командасы иеленсе, 3-ші орындарды - Медвежка орта мектебінің "Мирас" командасы мен Еңбекші қазақ орталау мектебінің "Номад" командасы қанағат тұтты.
Орыс тілінде өнер көрсеткен ұжымдар арасында Бұлаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің

"Сверхнова" командасы топ жарды. 2-ші орындарға Қарақоға орта мектебінің "Best Spike" командасы мен «Алтын ұрпақ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының "Spike Pro" командасы лайықты деп танылса, 3-ші орындардан Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясының "Жастар" командасы мен Бұлаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің "Абсолют" командасы көрінді.
Мағжандық жастар пікірсайыс барысында геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик Қаныш Сәтбаев туралы ой бөлісіп, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін кеңінен ашты. Сондай-ақ оқушылар ғалым туралы жан-жақты сыр шертіп, өмірі мен қызметі жайында көп мағлұмат берді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ӨНІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ ӨТКІЗІЛЕДІ

Жас басқарушылардың өңірлік пулын қалыптастыру мақсатында Солтүстік Қазақстан облысының өңірлік кадр резервіне келесі салалық бағыттар бойынша іріктеу жарияланады:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
 - 2) экономика және қаржы;
 - 3) әлеуметтік сала;
 - 4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
 - 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары.
- Өңірлік резервке іріктеу келесі кезеңдерден тұрады:
- 1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау;
 - 2) заңнаманы білуге тестілеу және жеке қасиеттерін бағалау;
 - 3) үкілетті орган жүргізетін құзыреттерді бағалау;
 - 4) комиссиядағы құрылымдық сұхбат;
 - 5) комиссия отырысында өңірлік резервке алуға ұсынылған кандидаттарды қарау.

Құжаттарды қабылдау 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында кандидатты тіркеу арқылы opg.rkgz.gov.kz онлайн-платформада жүзеге асырылады. Тіркеген кандидаттардың жеке кабинетіне кіру логин және пароль бойынша жүзеге асырылады.

Сондай-ақ құжаттарды мына мекенжай бойынша: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қ. Қазақстан Конституциясы к-сі, 38 жұмыс күні сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне қолма-қол немесе orsg.sko@mail.ru электрондық поштаға беруге болады.

Құжаттарды қағаз жеткізгіште не электрондық түрде берген кандидаттар да құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде opg.rkgz.gov.kz онлайн-платформасында тіркеледі, бірақ хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірілмей жүзтейді.

Өңірлік резервке іріктеуге қатысуға жоғары білімі және кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар (құжаттарды тапсыру сәтінде) 35 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Іріктеуге қатысу үшін азаматтар келесі құжаттарды ұсынады (тіркеу кезінде жүзтейді):

- 1) жеке куәлігінің не Қазақстан Республикасы төлқұжатының көшірмесі;
- 2) нысан бойынша өтініш;
- 3) білім туралы құжаттардың және оларға

қосымшалардың көшірмелері (шетелдік білім беру ұйымдары құжаттарының көшірмелеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен осы құжаттарды тану туралы куәліктердің көшірмелері қоса беріледі);

- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері (Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес), кандидаттың соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған, нысан бойынша толтырылған қызметтік тізімі.
- 5) үміткердің түрлі-түсті фотосуреті.

Құжаттарды тапсыру кезінде кандидат іріктеу қағидаларымен танысады және оларды қатаң сақтауға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге өз келісімін береді.

Іріктеуге қатысудан бас тарту және оның көз келген кезеңінен шығару үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) кандидаттың іріктеу қағидаларын сақтамауы;
- 2) дұрыс емес ақпарат пен құжаттар ұсынуы;
- 3) кандидаттардың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі.

Іріктеудің әрбір кезеңінің қорытындысы бойынша ең жоғары нәтижелерге жеткен кандидаттар өңірлік резервке іріктеудің келесі кезеңіне жіберіледі. Өңірлік резервке іріктеудің әрбір келесі кезеңіне жіберілетін кандидаттардың шекті санын комиссия әрбір кезеңнің нәтижелері негізінде айқындайды. Бірнеше кандидатта нәтижелер тең болған кезде іріктеудің келесі кезеңіне комиссия айқындаған саннан асатын кандидаттар саны жіберілуі мүмкін.

Өңірлік кадр резервіне алынған адамдар, сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдардағы «Б» корпусының мемлекеттік ішкілік лауазымдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда орналаса алады.

Қосымша ақпаратты Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, Өңірлік кадр резерві жобасының - opg.rkgz.gov.kz, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің - sko.opg.rkgz.gov.kz (инстаграм) интернет-ресурстарынан, сондай-ақ 8 (7152) 360135, 465808 телефондары арқылы алуға болады.

ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!



Маежан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің тәрбие және кадр жұмысы тобы ҚР ІІМ жоғары оқу орындарында оқуға кандидаттарды іріктеу жүргізіліп жатқандығы туралы хабарлайды.

2024 жылғы талапкерлердің назарына!

Жігіттер, қыздар - қалауыңыздағы жоғары оқу орнын әлі таңдамадыңыз ба? ҚР ІІМ жоғары оқу орындары Сіздерге оқудың мүмкіндігін бағалауды ұсынады.

Академияның миссиясы - ІІМ әлеуеті мықты кадрлық резерв құру, сапалы ведомстволық біліммен қамтамасыз ету.

- бюджет есебінен оқыту;
- жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы;
- жетекші оқу бағдарламалары;
- заманауи дәрісханалар, зертханалар, үлкен хауызы бар спорт кешені, үлкен таңдауға ие оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер топтасқан кітапхана, заманауи тир және жедел-криминалистикалық полигон;
- абаттандырылған жатақханада өмір сүру, шәкіртақы алу, тамақпен, киім-кешекпен қамтылу;
- ішкі істер органдары құрылымдарына жұмысқа орналасу;
- оқу мерзімі шұғыл әскери қызметтен өтумен теңестіріледі;
- түлектер білім деңгейін көтеру үшін арқашан оқу орнына магистратурада, докторантурада оқуға қайтып келе алады;
- академия жанындағы ғылыми-зерттеу институты.

Қызметке түру сұрақтары бойынша Бұлаев қаласы, Юбилейная көшесі, 54 үй, «Тәрбие және кадр жұмысы тобы», 30, 33 кабинеттерге келуге болады. Анықтама телефондары: 2-00-44, 8-775-171-76-65.

Мағжан Жұмабаев ауданының полиция бөлімі.

ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ АУДАНЫҢ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ

Кәсіптік оқыту



Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының мансаптық орталығы жұмыссыздар арасынан жұмыс берушінің өтінімдері бойынша оқуға қабылдауды жүргізеді.

Оқыту келесі мамандықтар бойынша жүргізіледі: тігінші, тракторшы, бухгалтер, электрші, аспазшы. Оқыту 3 айдан аспайды. Оқудан өтіп жатқан жұмыссыздар оқу ақысын төлеу, шәкіртақы, тұру, жол жүру және медициналық тексеру бойынша мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Өтінім беру және қызықтыратын сұрақтар бойынша Бұлаев қаласы, Мир көшесі, 8 А, 13 кабинет мекен жайы бойынша мансап орталығына жүгінуге немесе 2-81-54 телефоны бойынша хабарласуға болады.

| | | | | |
|---|--|--|--|---|
| <p>Директор - бас редактор Вера ГОЦАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Астана-Вест» ЖШС</p> | <p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлаев қаласы, Батыр Баны көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басқалым нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p> | <p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p> | <p>«Magjan Juldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошуків кө-сі, 5 үй). Тарауы - 780</p> | <p>Газет аудан өкілдігі, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер аралық мемлекеттік аккредитация саясаты жүргізуіне ресми басқалым болып табылады</p> |
| <p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынған, №17395-І куәлігі иелігінде. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалмақалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, рендегіланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады</p> | | | | |